

Ақтөбе қаласы

«Дублер күні» білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін ұйымдастыру және өткізу туралы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-н 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 2/4216 хаты негізінде, Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін өткізу ережесіне сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін ұйымдастыруды және өткізуді ұсынды. Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін өткізу ережесіне сәйкес өткізілді.
Дублер күнінің мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.
Дублер күнінің міндеттері:
 - 1) білім алушыларды белсенді қоғамдық өмірге және мектепті басқаруға тарту;
 - 2) білім алушылардың қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәжірибесін қалыптастыру;
 - 3) барлық параллельдердің білім алушылары арасындағы достастықты нығайту;
 - 4) білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
 - 5) білім алушыларда жауапкершілік сезімін, бір-біріне дұрыс қарым-қатынасты, өзара қарым-қатынастың іскерлік стилін тәрбиелеу;
 - 6) білім алушылардың көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесін дамыту;
 - 7) білім беру процесіндегі кері байланыстың жаңа нысандарын ұйымдастыру, білім алушылар мен педагогтердің мектептегі білім беру процесінің жай-күйін кешенді бағалауы.
2. 2023 жылдың 5 қазан күні мектеп-гимназиясы бойынша МАД, 1-11 кластар өзін-өзі басқару күні «Дублер күні» ұйымдастырылып өткізілсін;
3. Дублер-әкімшілік, дублер-пән мұғалімі, дублер-кезекші 9-11 класс оқушылары арасынан МАД, 1-10 кластарға 2023 жылдың 5 қазан күнгі сабақ кестесі бойынша бекітілсін;
 - 3.1. Дублер-әкімшілікке, дублер-пән мұғалімдерге, дублер-кезекшілерге міндеттері түсіндіріліп, әр дублердің жауапкершіліктері арттырылсын;
 - 3.2. Мектеп ұжымы, оқушылар арасында сауалнама жұмыстары жүргізіліп, бақылаушы-пән мұғалімдері дублердің сабақтағы және сабақтан тыс іс-әрекеттеріне қысқаша сипаттамалары берілсін, талқылансын, дублерға жұмыс біткен соң, жиналыстары өткізілсін;
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.З.Матаеваға, Г.Т.Жүсіпке жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназиясы директоры



О.Романова